



*Солтүстік
Американың халқы
және саяси картасы,
АҚШ.*



***Солтүстік
Американың халқы***
*Халқының саны –
480млн.-ға жуық.
Байырғы халқы –
үндістер мен
эскимостар. Ең алғаш
халықтар 25-40 мың
жыл бұрын Еуразиядан
Беринг бұғазы арқылы
келген.*

Байырғы халықтары :

*Материктің солтүстігінде
үндіс тайпалары алгонкин,
ирокез, атабаска, делавэр
мекендеген. Олар аң
аулаумен, балық аулаумен,
жабайы жемістерді
терумен айналысып
күнелткен.*

*Материктің оңтүстігін
мекендеген үндістердің ацтек,
майя тайпалары жүгері, картоп,
қызанақ өсірумен айналысқан.
Қолөнері мен егіншілігі,
мәдениеті дамыған мемлекеттер
құрған.*



Үндістер

Қазіргі халқының қалыптасуы

15 ғасырда Х.Колумб материкті ашқаннан кейін Американы жаулау басталды. Үндістер құнарлы жерлерден қуылды, еуропалықтар әкелген жұқпалы аурулардан Кариб теңізіндегі аралдардың байырғы халықтары (караибтар) жойылып кетті.

Қазіргі кезде 15 млн. ғана үндістер қалды. (1 пайыз)

Еуропалықтар плантацияларда жұмыс істету үшін Африкадан құлдар әкеле бастады.

400 жылға созылған құл саудасы кезінде 100 млн.-ға жуық адам құл ретінде Америкаға әкелінді.

Үндістер

Еуропалықта
р


Негрлер

Метистер

Мулаттар

Самболар

Солтүстік Американың саяси картасы, ондағы мемлекеттер



Елдері :

Материктегі елдер:

АҚШ

Канада

Мексика

Гватемала

Белиз

Сальвадор

Гондурас

Никарагуа

Коста-Рика

Панама

Аралдардағы елдер:

Куба

Гаити

Бермуд аралдары

Багам аралдары

Доминикан

Республикасы

Ямаика

Пуэрто-Рико т.б.

Америка Құрама Штаты



Ауданы: 9млн. 363мың км 2
Халқы 309 млн. адам 3-орында
Ресми тілі: ағылшын
Ақша бірлігі: доллар
Астанасы: Вашингтон
Әкімшілік құлылымы:
Федератифті республика 50
штаттан тұрады.

Табиғаты

АҚШ аумағының басым көпшілігі Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа дейінгі ендік бағытта созылып жатқан қоңыржай және субтропиктік белдеуде орналасқан. Аляска штаты субарктика және арктикалық, ал Гавай штаты – Тынық мұхиттың тропиктік белдеуінде. Жер бедерінің 1/2-ін (елдің батысында) биік таулы жоталар мен таулы үстірттер алып жатыр. Кордильер мен Аппалачи тауларының аралығында елдің ішкі жазықтары (Орталық Ұлы жазықтар) орналасқан. Атлант мұхиты жағалауларын бойлап Атлант маңы және Мексика маңы ойпаттары жатыр. АҚШ-тағы ең биік тау – Аляска түбегіндегі Мак-Кинли (6193 м). Жер қойнауы кен байлықтары мен минералды шикізатқа өте бай. Оның ішінде темір, никель, кобальт, алтын, күміс, уран кентасы қоры жөнінен дүние жүзінде алдыңғы орында. Тас көмір (Аппалачи таулары), мұнай мен газ (Мексика ойпаты, Ұлы жазық) табылған. Ал Кордильер таулары түсті және қара металл шикізаттарына бай келеді.



АҚШ өнеркәсібі – бүкіл экономиканың жетекші саласы. Оның энергиялық балансында мұнай мен газ маңызды орын алады, ауыр және жеңіл өнеркәсібі өркендеген. Машина жасау өнеркәсібі автомобиль, авиация электр техникасы салаларына түрлі жабдықтар өндіреді. Атом өнеркәсібі, тоқыма және тігін өнеркәсібі айрықша дамыған. Шаруашылығының жетекші саласы - машина жасау өнеркәсібі. АҚШ-тың 125 қаласында автомобиль шығарылады. Детройт қаласы – елдің «автомобиль астанасы». Сиэтл қаласында алып «Боинг» ұшағы жасалынады. Транспорттың барлық түрі қарқынды дамыған.

АҚШ-тың ауыл шаруашылығында механикаландырылған фермерлік шаруашылықтар жетекші рөл атқарады. Онда өндірілетін негізгі дақылдарға бидай, арпа, сұлы, қара бидай, жүгері, соя бұршақтар, картоп, қант қызылшасы, мақта жатады. Мал шаруашылығында сиыр, шошқа, қой өсіріледі, тауық пен күрке тауық өсіру жаппай дамыған. Ел астық, сүт, ет, құс өнімдерін өндіруден дүние жүзінде бірінші орын алады.

АҚШ-тың бір жылғы ұлттық табысы жан басына шаққанда 25 мың долларға жуық. Әлемдегі экономикасы аса жоғары дамыған елге жатады. Ондаған американдық фирмалары мен кәсіпкерлері және белгілі банкілер Қазақстанда түрлі салалар бойынша жұмыс істейді (мысалы, мұнай өндірумен айналысатын «Шеврон», «Shell», «Мобиль» компаниялары мен «Purified Waterhouse»

*Вашингтон – астанасы
(601 мың адам)*



Нью-Йорк – ең ірі қаласы, БҰҰ-ның Бас Кеңесі орналасқан(8,336 млн.ад.)

